



Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің арнаулы валюта ноттарын шығару, айналымға шығару және өтеу ережелерін бекіту туралы

Күшін жойған

Қаулы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасы 1999 жылғы 6 сәуірдегі N 66 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 8.04.1999 ж. тіркелді. Тіркеу N 730. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.09.2000. N 21012/3582юр хатымен. (Хаттан үзіндіні төменнен қараңыз)

РҚАО-ның ескертуі: Хаттан үзінді қазақша аудармасы болмағандықтан орысша мәтінде беріліп отыр.

Извлечение из письма Нацбанка РК от 22.09.00. N 21012/3582юр

"... официально извещаем Вас о том, что ... были признаны утратившими силу постановление Правления Национального Банка РК от 6 апреля 1999 года N 66 " Об утверждении Правил выпуска, обращения и погашения специальных валютных нот Национального Банка Республики Казахстан, а также сами Правила выпуска, обращения и погашения специальных валютных нот Национального Банка Республики Казахстан...

Заместитель Председателя".

Еркін өзгермелі айырбас бағамы режиміне көшуге байланысты және халықтың жинақтаушы зейнетақы қорларындағы зейнетақы салымдарын ұлттық валютаның құнсыздануынан қорғау мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің арнаулы валюта ноттарын шығару, айналымға шығару және өтеу ережелері бекітілсін және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енгізілсін.

2. Монетарлық операциялар департаменті (Әлжанов Б.А.):

1) Заң департаментімен (Сизова С.И.) бірлесіп осы қаулыны және бекітілген Ережелерді Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркеуден өткізсін;

2) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің арнаулы валюта ноттарын жинақтаушы зейнетақы қорларының Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі эмиссиялаған және ұлттық валютамен құны белгіленген қысқа мерзімді

ноттарының портфелін арнаулы валюта ноттарына айырбастауы жолымен шығаруды ұйымдастырсын.

3. Айырбастау ерікті негізде жинақтаушы зейнетақы қорларының Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясымен келісе отырып, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне жазбаша өтініш беруі жолымен жүзеге асырылады деп белгіленсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары М.Т. Құдышевке жүктелсін.

Ұлттық Банк
Төрағасы

Қазақстан Республикасының»

Ұлттық Банкі Басқармасының
1999 жылғы 6 сәуірдегі
N 66 қаулысымен бекітілген

Қазақстан Республикасының»Ұлттық Банкінің
арнаулы валюта ноттарын шығару, айналымға шығару және өтеу
ережелері

1. Жалпы ережелер

1) Осы Ережелер Қазақстан Республикасының»Ұлттық Банкінің арнаулы валюта ноттарын шығару, айналымға шығару және өтеу тәртібін белгілейді. " Қазақстан Республикасының»Ұлттық Банкінің»арнаулы валюта ноттары" атауы (бұдан әрі - валюта ноттары) мемлекеттік тілде Қазақстан Республикасының» Ұлттық Банкінің арнаулы валюта ноттары деп жазылады.

2) Валюта ноттарын Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі -

Ұлттық Банк) еркін өзгермелі айырбас бағамына көшуге байланысты жинақтаушы зейнетақы қорларының активтерін қорғау мақсатымен шығарады.

3) Валюта ноттарының Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы қолданылып жүрген заңға сәйкес Ұлттық Банк бекіткен шығару өлшемдеріне қарай ұлттық бірегейлендіру номері болады.

4) Валюта ноттарын шығару жинақтаушы зейнетақы қорларының Ұлттық Банк эмиссиялаған және ұлттық валютамен құны белгіленген ноттар портфелін осы Ережелерге сай валюта ноттарына айырбастау жолымен жүзеге асырылады. Валюта ноттарының нақты құны 100 АҚШ доллары.

5) Ұлттық Банктің 1999 жылғы 3 сәуірдегі жағдай бойынша жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтерінің портфеліндегі ноттарын айырбастауға болады.

6) Айырбастау ерікті негізде жинақтаушы зейнетақы қорларының Ұлттық Банкке ноттардың санын және олардың Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясымен келісілген ағымдағы құнын көрсете отырып, жазбаша өтініш беруі жолымен жүзеге асырылады.

7) Айырбастау ноттар портфелін валюта ноттарына 1 АҚШ долларына 88,3 теңге бағамымен қайта ресімдеу жолымен жүзеге асырылады.

8) Валюта ноттары өтелген кезде олардың иелеріне нақты құнын алу және осы Ережелерде көзделген тәртіппен төленетін нақты құнына процентпен есептелетін сыйақы (мүдде) алу құқығын береді.

9) Валюта ноттарының құжаттамасыз нысаны болады, "Бағалы қағаздарды» орталық депозитарийі" жабық акционерлік қоғамында (бұдан әрі - Депозитарий) оларды ұстаушылардың»"депо" есепшотына және олардың инвесторлары бойынша Бастапқы агенттерінде ашылған "депо" есепшотына тиісті жазулар жасау жолымен орналастырылады және айналымға шығарылады.

10) Валюта ноттарын Ұлттық Банк өтейді.

2. Валюта ноттарын шығару және айналымға шығару тәртібі

11) Валюта ноттарын шығару 1999 жылғы 3 сәуірдегі жағдай бойынша теңгемен құны белгіленген ноттардың тиісті шығарылымына инвестицияланған зейнетақы активтерінің»ағымдағы құны шегінде жүзеге асырылады.

12) Валюта ноттарын өтеу күні - 1999 жылдың 13 мамыры.

13) Валюта ноттарын айналымға шығару мерзімі - 1999 жылғы 12 сәуірден басталады.

14) Қайталама рыноктағы валюта ноттарымен жасалатын барлық операциялар Қазақстан Республикасының»қолданылып жүрген заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

15) Валюта ноттарына меншік иелігін есептеу және ауыстыру Депозитарий

арқылы сатушы мен сатып алушының "депо" есепшотына валюта ноттарын ұстаушыларды» жазбаша және/немесе электронды тапсырмалары негізінде тиісті жазба жасау жолымен жүзеге асырылады.

3. Валюта ноттарының сыйақысын (мүдде) төлеу және өтеу

16) Валюта ноттары бойынша сыйақының (мүдденің) жылына 5,40%-ке тең» тіркелген ставкасы белгіленеді.

17) Валюта ноттары олардың нақты құнын және сыйақысын (мүддесін) Ұлттық Банк өтеу күні белгілеген АҚШ доллары бағамымен теңгемен төлеу жолымен өтеледі. Төленуге тиісті сыйақы (мүдде) сомасы мынадай формуламен белгіленеді:

$$S = 100 * M * C * 35 / 364, \text{ мұндағы}$$

S - төленуге тиісті сыйақы (мүдде) сомасы;

M - Ұлттық Банк өтеу күні белгілеген АҚШ долларының бағамы;

C - осы Ережелердің 16-тармағына сәйкес белгіленетін сыйақы (мүдде) ставкасының проценті;

18) Депозитарий деректері негізінде жасалған жиынтық ведомосына сәйкес айналым аяқталатын күннен кемінде бір жұмыс күні бұрын Ұлттық Банк өтелетін валюта ноттарының санын айқындайды. Өтеудің» түпкілікті сомасы Ұлттық Банк өтеу күні белгілеген бағам бойынша айқындалады.

19) Валюта ноттары бойынша өтеу және сыйақы төлеу Ұлттық Банктің қаражаты есебінен Депозитарий деректері негізінде жасалған жиынтық ведомосына сәйкес Бастапқы агенттердің есепшотына теңге аудару жолымен жүзеге асырылады.

Ұлттық Банк
Төрағасы

Оқығандар:

Умбетова А.М.

Касымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК